

<b>Қысқа мерзімді жоспары</b>				
<b>Бөлім</b>	<b>Компьютер мен желілердің техникалық сипаттамалары</b>			
<b>Педагогтың аты-жөні</b>	«Балдәурен» РОСО филиалы Давидов И. У			
<b>Күні</b>				
<b>Сынып 8</b>	Қатысушылар саны		Қатыспағандар саны	
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	Компьютердің ішкі және қосымша құрылғылары			
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</b>	8.1.1.1-қарапайым деңгейінде процессордың қызметін және оның негізгі сипаттамасын түсіндіру			
<b>Сабақтың мақсаты:</b>	<b>Барлық оқушылар:</b>			
	қарапайым деңгейінде процессордың қызметін және оның негізгі сипаттамасын түсіну.			
	<b>Көптеген оқушылар:</b>			
	процессордың негізгі параметрлерінің қызметін білу			
<b>Сабақтың мақсаты:</b>	<b>Кейбір оқушылар:</b>			
	процессор ядросының қарапайым құрылысын атап көрсете алу, талдау, жинақтау..			

### Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<b>Сабақтың басы</b>	<p>1.Оқушылармен амандасу.</p> <p>2.Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі:</b></p> <p>Сәлемдесу, Оқушыларды түгелдеу</p> <p><b>Мозайка әдісімен</b> оқушыларды өздеріне таңдаған әріптерін таңдап алуына байланысты топқа біріктіру.</p> <p><b>«Процессор»</b>- 1-топ таңдаған әріптері мен түстеріне қарай</p> <p><b>«Ядро»</b>-2-топ таңдаған әріптері мен түстеріне қарай</p> <p>отырады. Әр топ өз тобының аттарын орыс, ағылшын тілінде атап кетеді.</p> <p>Ынтымақтастық атмосферасын "Шаңырақ" әдісі арқылы құрып алайық.</p> <p><b>«Миға шабуыл»</b> әдісі арқылы үй тапсырмасын еске түсіру. Оқушылар кезектесіп бір сұрақты алады да жауап береді.</p> <p>1. Процессор дегеніміз не?</p> <p>2. Оның қызметі қандай?</p> <p>3. Процессор құрылысын сипатта?</p> <p>4. Процессор дербес компьютердің барлық құрылғыларының жұмысын қалай басқарады?</p> <p>5. Басқару құрылғысы дегеніміз не?</p>	<p>1.Мұғаліммен амандасады.</p> <p>2.Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады. Сабақтың мақсаттарымен танысады.</p>	<p>Тараптампа қағаздар</p> <p>Электрондық журналмен бағалау</p>	<p>Үлестірме қағаздары</p> <p><b>«Процессор»</b></p> <p>«Ядро»</p>

	<p><b>ҚБ бірін-бірі басбармақ арқылы бағалайды</b></p>			
<p><b>Сабақтың ортасы</b></p>	<p>Wi-fi адаптер мен принтерді, колонканы компьютерге қосып, орнату</p> <p>Әр топ принтер, wi-fi адаптер мен колонканы компьютерге қосып, орнатады. Олардың жұмысын тексереді.</p> <p>Миға шабуыл әдісі (Қосымша құрылғылары туралы).</p> <p><b>Қосымша құрылғылар</b> – компьютердің жүйелік блогына қосымша жалғанатын құрылғылар. Оларды жүйелік блоктың сыртына да, ішіне де қосуға болады.</p> <p><b>Принтер(Printer)</b> - бұл кез- келген ақпараттарды компьютерден қағаз бетіне шығаруға арналған құрылғы.</p>  <p><b>Сканер (Scanner)</b>– қағаздағы ақпараттарды компьютерге енгізуге арналған құрылғы. Оған мәтіндер, сызбалар, суреттер, графиктер, кестелер және т.б. жатады.</p>  <p><b>Дыбыс колонкалары (Speakers)</b> –дыбыстық ақпаратты шығаруға арналған құрылғы.</p>  <p><b>Микрофон (Microphone)</b> – дыбыстық ақпаратты енгізуге арналған құрылғы.</p>			<p>Жұмыс дәптері</p> <p>Оқулық</p>



**Earphone** (наушник) - дыбыстық ақпаратты шығаруға арналған құрылғы



**Модем (router)**– компьютерді интернетпен қосып тұратын құрылғы.



**Диск (disk), флешка (usb flash drive), дискета (floppy disk), қатқыл диск (hard disk)** – ақпараттарды сақтайтын және тасымалдайтын құрылғы.



**Джойстик (Joystick)**- Компьютерлік ойындарда қолданылатын тетік.



**Плоттер (Plotter)** сызбаларды (графиктерді, суреттерді) қағазға шығаруға арналған құрылғы



**Проектор (Projector)** – компьютердегі ақпаратты интерактивті тақтада көрсетуге арналған құрылғы.



**Веб камера (web camera)** - [бейне](#) кескіндерді электрондық пішімге айналдыратын құрылғы.



**Драйвер (Driver)**- компьютер құрамына кіретін әртүрлі құрылғыларды басқаруға арналған арнайы программалар. Әрбір құрылғыға өзінің драйвері сәйкес келеді. мысалы, принтер драйвері, сканер драйвері.

1-топ. Сәйкесін тап.

2-топ. Қима қағаздарды біріктіріңіз.

3-топ. Сөйлемді толықтырың.

Топтық тапсырмалар беру.

**Тапсырма 1:** Суреттерді төмендегі топтарға бөлу.

Ақпаратты шығару құрылғылары

Ақпаратты енгізу құрылғылары

Ақпаратты сақтайтын және тасымалдайтын құрылғылар.

**Тапсырма :** Тест (браузер арқылы <https://kahoot.it> сайтына кіріп тест орындаймыз).

1.

**Компьютердің жүйелік блогына қосымша жалғанатын құрылғылар?**

A) негізгі құрылғылар

B) қосымша құрылғылар

C) негізгі және қосымша құрылғылар

D) барлық жауап дұрыс

2.

**Ақпараттарды компьютерден қағаз бетіне шығаруға арналған құрылғы?**

A) принтер

В) сканер

С) модем

Д) микрофон

**3. Қағаздағы ақпараттарды компьютерге енгізуге арналған құрылғы?**

А) принтер

**В) сканер**

С) модем

Д) Микрофон

**4. Флешка, дискета, компакт дискілерқандайқұрылғылар?**

А) Ақпаратты шығару құрылғылары

В) Ақпаратты енгізу құрылғылары

**С) Ақпаратты сақтайтын және тасымалдайтын құрылғы**

Д) барлық жауап дұрыс

**5. Интернетке қосылу үшін қандай құрылғы қажет?**

А) принтер

В) сканер

**С) модем**

Д) микрофон

**6. Компьютердегі ақпаратты интерактивті тақтада көрсетуге арналған құрылғы?**

А) принтер

В) сканер

С) модем

**Д) проектор**

**7.**

**дыбыстық ақпаратты шығаруға арналған құрылғы?**

А) принтер

В) сканер

**С) колонка**

Д) проектор

**8. Компьютерлік ойындарда қолданылатын тетік?**

**А) джойстик**

В) сканер

С) модем

Д) проектор

**9.**

**Компьютер құрамына кіретін әртүрлі құрылғыларды басқаруға арналған арнайы программалар?**

А) Джойстик

**В) Драйвер**

	<p>C) колонка</p> <p>D) проектор</p> <p><b>10.бейне кескіндерді электрондық пішімге айналдырып компьютердің жадына сақтайтын құрылғы?</b></p> <p>A) микрофон</p> <p>B) модем</p> <p>C) колонка</p>			
<b>Сабақтың соңы</b>	<p>1.Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастырады.</p> <p>2.Кері байланыс: -Мен бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын</p>	Жиналаған фишкаларды санайды-бағалау жүргізеді		Плакат /слайд/